

Қазақстан Республикасының
ғылым және білім министрлігі

І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті

Министерство науки и образования
Республики Казахстан

Жетысуский
университет им.И.Жансугурова

«04» кабрыз 2025ж.

№ 05 хаттама

ХАТТАМА ШЕШІМ

Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес
отырысы

Төраға – А.К.Катенов

Хатшы – Т.А.Ашир

Қатысқандар: 12 адам (тізім тіркелген)

Күн тәртібінде:

1. Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысында педагогика – психология факультетінің 3 курс білімгер Абилов Аянның өтініші қарастырылды.

І.ТЫҢДАЛДЫ: А.К.Катенов: Студент Абилов Аян «e-Otinish» сайтына шағым жіберген. Осы себептен 2025 жылдың 07 ақпан айында Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігінен 5-12-02-12/969-П осы мәселе бойынша хат келді. Мәселенің мәні бойынша 2024 жылдың 24 желтоқсанда студент А. Абилов өзінің үлкен ағасынан қаржылық көмек сұрапты. Ол бұл ақшаны мұғалімге оқу үлгерімін үлкейту үшін, яғни балл көтеру үшін берем деп айтыпты. Осылайша алаяқтық жолмен ағасынан ақша тапқысы келген екен. Шын мәнінде, ол ешқандай мұғалімге жүгінбеді және ешкімге ақша бермепті. Тек пайда көру үшін ақша алған екен. Студент Абилов Аян бұл жағдай қалай болғанын шын мәнінде айтып бересізбе?

А.Абилов: Маған өз қалауларыма ақша керек болды. Мен осы жағдайдан бұрын үлкен ағамнан ақша сұраған едім. Осы жолы ұялып, өтірік айтумен ақша сұрадым. Университетте оқу үлгеріммен бір мәселе шығып қалды, егерде ақша берсем менің баллымды көтеріп береді деп өтірік айттым ағама. Осыдан кейін ағам маған еш ескертусіз шағымдарды жіберген.

Е.Ж.Смагулов: Бұл істі толық түсінбей құқық қорғау органдарына хабарласқан Абилов Аянның үлкен ағасы кінәлі екендігін айтты. Сондықтан Абилов Аянның үлкен ағасы жазалануы керек.

Х.Т.Наубаева: Бұл студент біздің факультетте оқиды, үлгерімі өте жақсы және ақша тапшылығына байланысты осындай жағдайға тап болды.

Сондықтан ол қаржылық көмек алу үшін үлкен ағасына жүгінді (20000 мың теңге алды). Үлкен ағасы толығымен істі білмегеннен кейін , құқық қорғау органына хабарласты.

Сонымен қатар этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің мүшелері Ансабаев Дуйсен, Канагатов Жанбыл, Исламжанова Гульнара және басқалары сөйледі.

Шешімі:

1. Сыбайлас жемқорлық фактісі болған жоқ.
2. Студент Абилов Аянға катал ескерту берілді және келешекті ешқашан алдау жолымен жүрмей, ешкімді алдамайтын болды.

Комиссия төрағасы



(өз қолымен)

Катенов А. К.

Хатшы



(өз қолымен)

Ашир Т. А.